Әділет

**"Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 желтоқсандағы № 486 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 122 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 11 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6539 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 27 шілдедегі № 224 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 224 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 желтоқсандағы № 486 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2124 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесінде:

3-тармақтың:

үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қағаз тасымалдаушыда жасалған есепке басшы (ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға) және бас бухгалтер қол қояды және еркін нысанда жасалған ілеспе хатпен жіберіледі.»;

жетінші және сегізінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бірінші басшы (ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға) және бас бухгалтер электрондық тасымалдаушыда берілген мәліметтердің қағаз

тасымалдаушыда берілген мәліметтерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Есепке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған кезде бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдар уәкілетті органға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің себептерін түсіндіре отырып жазбаша өтініш жібереді.»;

мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Брокер және дилер берген есептен толық емес және (немесе) шынайы емес ақпарат анықталғанда, уәкілетті орган бұл туралы брокер және дилерге хабарлайды. Уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып жетілдірілген есепті брокер және дилер уәкілетті орган хабарлағаннан кейін екі жұмыс күннен кешіктірмей береді.»;

1, 4-2, 4-3, 5-қосымшасындағы

«Басшы есепке қол қоюға уәкілетті тұлға) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)

Бас бухгалтер (есепке қол қоюға уәкілетті тұлға) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)

Мөрдің орны

Орындаушы (қолы, Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)» телефон нөмірі)

деген сөздер

«Басшы

(ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға)

___________________________________________

(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер ___________________________________________

(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы ___________________________________________

(лауазымы, тегі мен аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20_____ «______» _______________

Мөр қойылатын орын»;

деген сөздерге ауыстырылсын;

2-қосымшадағы

«Басшы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Бас бухгалтер Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
(қолы)
Мөр орны
Орындаушы (қолы) Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты»
телефон нөмірі)»
деген сөздер
«Басшы
(ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға)
___________________________________________________________
(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)
Бас бухгалтер ______________________________________________
(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)
Орындаушы ________________________________________________
(лауазымы, тегі, аты) (қолы) (телефон нөмірі)
Есепке қол қойылған күні 20_____ «______» ________________
Мөр қойылатын орын»
деген сөздерге ауыстырылсын;
3 және 4-қосымшадағы
«Басшы
(есепке қол қоюға
уәкілетті тұлға) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты
(болған кезде)

Бас бухгалтер
(есепке қол қоюға
уәкілетті тұлға) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты
(болған кезде)
Орындаушы (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты
телефон нөмірі) (болған кезде)

мөрдің орны»
деген сөздер
«Басшы
(ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға)
___________________________________________________________
(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)
Бас бухгалтер ______________________________________________
(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы ____________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20_____ «______» ________________

Мөр қойылатын орын» деген сөздерге ауыстырылсын;

6-қосымшаның «Туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы есеп» деген кестесінің

«

| Мәмілені жасасу күні[1] |
|---|
| |
| |
| |

»

деген бағанадан кейін мынадай мазмұндағы бағаналармен толықтырсын:

«

| Мәмілені жасасу уақыты[1] | Қаржы құралдарын брокерге/дилерге есепке қою күні [1] | Мәміле бойынша есептеу күндері[1] |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

» ;

«

| Клиент және оның резиденттік елі[10] |
|---|
| |
| |
| |

»

деген бағанадан кейін мынадай мазмұндағы бағаналармен толықтырсын:

«

| Мәміле жасасқан күнгі вариациялық маржа, теңге[11] | Мәміле жасасқан күнгі бастапқы маржа , %[12] | Сауда-саттық режимі[13] |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

»;

Ескертулердегі: бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«[1] Мәмілені жасасу күні, қаржы құралдарын ішкі есепке алу жүйесіндегі брокерге/дилерге есепке қою күні, сондай-ақ мәміле бойынша есептеу күні «күні/айы/жылы» форматында көрсетіледі. Мәмілені жасасу уақыты «сағат/минут/

секунд» форматында көрсетіледі (ұйымдастырылған нарықта жасасқан мәміле үшін);

төртінші бөліктегі «қор» деген сөзі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он үшінші, он төртінші, он бесінші және он алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

«[11] Вариациялық маржа – биржа есептейтін және мерзімді келісім-шарт бағамының өзгеруін ескеретін сауда-саттыққа қатысушының міндеттемелері өзгеруінің ақшалай көрсетілімі.

[12] Бастапқы маржа – клиент әрбір ашық позиция үшін енгізуі қажетті базисті активтің жиынтық нарық құнынан биржа анықтайтын үлесі.

[13] Т+0 немесе Т+n форматында көрсетіледі не биржа ережелерінде қарастырылған басқа сауда-саттық режімі сипатталады.

Туынды қаржы құралдарымен мәміле жасасу туралы есепке депозитарлық қолхаттармен мәмілелер кірмейді.»;

«Басшы Тегі, аты, әкесінің (есепке қол қоюға аты (бар болса) уәкілетті тұлға) (қолы)

Бас бухгалтер (есепке қол қоюға уәкілетті тұлға) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

мөр орны

Орындаушы (қолы, телефон нөмірі) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)»

деген сөздер

«Басшы (ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға) ____________________________________________

(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер ____________________________________________

(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы ____________________________________________

(лауазымы, тегі, аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20_____ «______» ________________

Мөр қойылатын орын»

деген сөздерге ауыстырылсын;

7 және 8-қосымшадағы

«Басшы Тегі, аты, әкесінің аты

(есепке қол қоюға (бар болса)
уәкілетті тұлға) (қолы)

Бас бухгалтер Тегі, аты, әкесінің аты
(есепке қол қоюға (бар болса)
уәкілетті тұлға) (қолы)

мөр орны

Орындаушы (қолы, телефон нөмірі) Тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)»

деген сөздер

«Басшы
(ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға)
_______________________________________________________
(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____________________________________________
(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы _______________________________________________
(лауазымы, тегі, аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20_____ «______» ________________

Мөр қойылатын орын»

деген сөздерге ауыстырылсын;

9-қосымшадағы «Брокердің шоттарындағы брокердің және клиенттердің меншікті шоттарындағы ақша қалдықтары туралы есеп» деген кесте мынадай мазмұндағы ескертулермен толықтырылсын:

«Ескертулер:

1. Брокердің шоттарындағы брокердің және клиенттердің меншікті шоттарындағы ақша қалдықтары туралы мәліметтер есепті күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен ресми курс бойынша теңге түрінде беріледі;

2. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер, «Меншікті ақша қалдығы» бағанын толтырмайды;

3. «Клиенттердің шоттарындағы ақша қалдығы» бағанын толтырғанда бағалы қағаздар нарығында операцияларды жүзеге асыру үшін, яғни брокерлік қызмет көрсету аясында клиенттердің атынан және есебінен ашылған клиенттердің шоттарындағы ақша қалдығы көрсетіледі»;

«Басшы Тегі, аты, әкесінің
(есепке қол қоюға (қолы) аты (бар болса)
уәкілетті тұлға)

Бас бухгалтер Тегі, аты, әкесінің
(есепке қол қоюға (қолы) аты (бар болса)
уәкілетті тұлға)
мөр орны
Орындаушы (қолы, телефон нөмірі) Тегі, аты, әкесінің
аты (бар болса)»
деген сөздер
«Басшы
(ол болмаған кезде – оның орнындағы тұлға)
____________________________________________
(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)
Бас бухгалте ____________________________________
(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)
Орындаушы ______________________________________
(лауазымы, тегі, аты) (қолы) (телефон нөмірі)
Есепке қол қойылған күні 20_____ «______» ________________
Мөр қойылатын орын»
деген сөздерге ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

4. Агенттіктің Төрайым Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

*Төрайым* *Е. Бахмутова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК